

## Тілдік курстарына қатысуға арналған виза

### Негізгі ақпарат

- Сіз барлық ақпараттық парақтар мен бланкілерді визалық кеңселерден немесе шетелдік дипломатиялық миссияларының сайттарынан тегің ала аласыз.
- Сондай-ақ, «Ұлттық визаны рәсімдеу туралы жалпы ақпарат» ескертпеге назар аударыңыз. Егер Сіз Германияда жоғары оқу орнына дайындық ретінде тілдік курсына қатысуыңыз келсе, «Оқу» туралы ескертпеге назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің ресми сайтынан алуға болады](#)
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік төлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

### Виза өтініштерін бақылау тізімі

Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.

- Ұлттық виза алу үшін неміс немесе ағылшын тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған 2 дана өтініш.
- Тұрғылықты тұру заңының 54-ші § сәйкес 2 дана түсіндірмеге қолыңыз қойылуы қажет.
- 3 **биометриялық** төлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ [Фотосуреттің үлгісі](#))
- Иесінің қолы қойылған** қолданыстағы **шетелдік төлқұжаты** + толық мәліметтері көрсетілген парағының екі көшірмесі. Шетелдік төлқұжаттың жарамдылығы сұралған визаның уақыт өткеннен кейін де кем дегенде 3 айлық күші болуы керек және кем дегенде екі бос беті болуы міндет.
- Тілдік мектептің шақыру хаты. Онда курстың орналасқан жері, курстың ұзақтығы, аптасына сағат саны (аптасына кемінде 18 сағат) туралы ақпарат және болатын мерзімге төленген курс ақысын растайтын құжат екі данада ұсынылуы қажет.
- Алдын ала дайындықтан өткен туралы құжаттың түпнұсқасы мен екі көшірмесі:
  - Мектеп НЕМЕСЕ университет бітірген туралы **куәлік пен бағалар тізімі** (мысалы, аттестат, бакалавр куәлігі, диплом).
  - Соңғы НЕМЕСЕ қазіргі уақыттағы жұмыс берушінің анықтамасы, егер Сіз жұмыс істеп жүрсеңіз.
- Толық таблица түрінде жасалған білімі мен жұмыс тәжірибесі көрсетілген өмірбаян, екі данада.
- Екі данада жазылған және қол қойылған уәждемелік хат; хатта тұруға байланысты жоспарланған күтулер, кәсіби және жеке пайдалар, сондай-ақ болашаққа жоспарлар көрсетілуі керек.



<input type="checkbox"/> Егерде бар болса: шетел тілін оқығандығын растайтын құжаттың <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u>
<input type="checkbox"/> Егер тілдік курс жүргізілген уақытта оқу немесе жұмыс тоқтатылған жағдайда: университеттің академиялық демалыс немесе жұмыс берушінің демалыс бергені туралы растайтын құжаттың <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u>
<input type="checkbox"/> Тілдік курсының жоспарланған мерзімге айына 1027 еуро көлемінде қаржыландыруды растайтын құжат. Осы құжат келесі түрде ұсынылуы мүмкін: <ul style="list-style-type: none"><li>○ <b>Стипендия</b> бөлінгені және онын берілгені туралы растайтын құжаттың <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u> Егер стипендия айына <b>1027 евродан</b> аз болса, онда айырмашылығын келесі баламалардың біріне сәйкес растауға болады:</li><li>○ Ақтуалдық міндеттеме қабылдау туралы мәлімдеме (өтініш беру кезінде 6 айдан аспайтын) тұрғылықты тұру заңының §§ 66-68 сәйкес «тілдік курсын» өтуі үшін және төлем қабілеттілігін растайтын <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u></li><li>○ Неміс банкінде бұғатталған шоттың ашылғанын растайтын құжаттың <u>екі данасы.</u> Осы шоттан жоспарлаған мерзімге айына <b>1027 еуро</b> алынуы керек. Виза алу үшін өтініш тапсырылған кезде, осы шоттың ресми ашылуы және төленген жалпы қаражат пен ай сайын қолға берілетін қаражат көрсетілуі керек. Бұл қаражатты көрсетпестен растау жеткіліксіз. Бұғатталған шотты Германияда мақұлданған барлық қаржы институттарында ашуға болады.</li></ul>
<b>Кәмелетке толмаған өтініш берушілер:</b>
<input type="checkbox"/> Өтінішке және тұрғылықты тұру заңының 54-ші § сәйкес түсіндірмелерге барлық заңды қамқоршылар қол қою керек.
<input type="checkbox"/> Апостильденген туу туралы куәліктің <u>түпнұсқасы мен + екі көшірмесі.</u>
<input type="checkbox"/> Егер туу туралы куәліктегі әкесі туралы мәлімет шешесінің айтуымен жазылған болса: АХАЖ бөлімінің №4 формасы бойынша жақында алған (өтініш берген кезде 4 аптадан аспауы керек) апостильденген анықтаманың <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u>
<input type="checkbox"/> Егер ата-анасының біреуі қайтыс болған жағдайда немесе ата-аналық құқығынан айырылған болса: қайтыс болу туралы апостильденген куәліктің немесе апостильденген сот шешімінің <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u>
<input type="checkbox"/> Тілдік курс кезінде өтініш берушінің Германияда болуына сәйкес барлық заңды қамқоршыларының нотариалдық келісімі туралы мәлімдеме (өтініш берілген кезде 3 айдан аспайтын) <u>түпнұсқасы мен + екі көшірмесі.</u>
<input type="checkbox"/> Барлық заңды қамқоршылардың шетелдік төлқұжатының немесе жеке куәлігінің <u>екі көшірмесі.</u>
<input type="checkbox"/> Жекелеген жағдайларда, шетелдегі дипломатиялық миссиясы виза берген кезде заңды қамқоршылардан Германиядағы балаға күтім жасау кімге сеніп тапсырылатыны туралы мәлімдеме талап етуге құқылы.
<b>Қазақстан Республикасының азаматтығы жок өтініш берушілерге:</b>
<input type="checkbox"/> Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтияр хат/тіркеуі, <u>түпнұсқасы мен екі көшірмесі.</u>